

Мамандықтың бәрі
жақсы, қажеттісін
таңдай біл.




Мақсаты: Оқушылардың өмір туралы, мамандықтар туралы көзқарастарын дамыту, алда мамандық таңдауда дұрыс бағдар беру.

Міндеті:

1. Мамандықтарды талдай білуге үйрету.
2. Оқушыны өзінің қабілетін, бейімін, қызығушылығын мамандыққа сай тани білуге үйрету.





Мамандық алғың келе ме,
Мамандық өзі немене?
Айналаң толған мамандық,
Айналаң толған өнеге.





«Армандар» жаттығуы

Барлық қатысушы дөңгелене отырып, 3-4 рет терең дем алып, көздерін жұмады. Өз алдына қойған мақсаттарына көңіл аудара отырып, болашақ мамандығын, қоғамдағы орнын, жақын арадағы қоршаған ортасын елестетеді. 1,5 минут уақыт беріледі. Жанға жағымды әуен ойнайды.

Берілген уақыт өткеннен соң тағы да 3-4 рет терең дем ала көздерін ашады.



Мамандық таңдаудағы қиындықтар мен қателіктер:

1. Бірден жоғары біліктілікті мамандыққа бағыт беру;
2. Достарынан қалмау үшін мамандық таңдау
3. Мамандыққа бағыт-бағдар берушіге ауып кету;
4. Мектептегі пәннің мамандыққа сәйкес келуі;
5. Өзінің қабілетін, жеке қасиетін анықтай алмау, кемшіліктерін білу.

“Қол- мидың жалғасы” жаттығуы

Сан алуан мамандық бар. Ал, біздің табиғи бейімділігімізге үңілейік:

Саусақтарымызды кеңірек ашып, ақ параққа алақанымызды түсірейік. Бас бармақпен шынашақтың ортасын О нүктесімен белгілеп, әрбір саусаққа түзу сызық жүргіземіз. О нүктесін білезіктің оң жақ, сол жақтарын да қамтимыз. Осы жүргізілген сызба бөліктерін сызғышпен өлшеп шығарыңыз.

Ситуациялық сұрақ. (Оқушылар өз пікірін ортаға салады.)

Мен хирургпын

Шарты: Ауруханада 5 емделуші бар. Олар:

- Бес айлық қыз бала
- Алты жасар дарынды бала
- Көп балалы ана (10 баласы бар, 70- тегі ана)
- Қаңғыбас
- Құрылысшы

Жүрек біреу. Осылардың қайсысына операция жасар едің. Біреуін ғана таңдауың қажет.



«Ең-ең...» (ойын)



- ең жасыл мамандықтар
- ең ақшалы мамандықтар
- ең таза мамандықтар
- ең көңілді мамандықтар
- ең тәтті мамандықтар





Психологиялық сәт. «Психогеометрия» -өзін-өзі тану:

1. Квадрат
2. Зигзаг.
3. Шеңбер.
4. Үшбұрыш.



- **Квадрат.** Сенде төзімділік, шыдамдылық, еңбекқорлық дамыған. Өз айналаңа адамдарды жинап ұйымдастыру, реттеу, жүйелеу қабілеті баршылық. Сенен үздік администратор шығады, бірақ саған өзіңнің кәсіптік мамандығыңды менеджментпен байланыстырмауға ұсыныс айтамын.
- **Зигзаг.** Сенде әсемдікті көре білу қабілеті жоғары қалыптасқан, сондай-ақ шығармашылық қабілетің, ой-өрісің дамыған. Сенде табиғи өткір ойлылық бар, өз айналаңа қабілетті адамдарды жинай аласың. Сені шаблондар, ережелер, нұсқаулар қызықтырмайды. Бастаған істі аяқтауға төзімділіктің жоқтығы бөгет жасайды.
- **Шеңбер.** Сенде адамгершілік жоғары дамыған. Сен өз әріптесіңді тыңдай аласың және оның қайғысы мен қуанышын бірге бөлісесің, басқаның ауыртпашылығына жәрдемдесу қабілетің жоғары қалыптасқан. Саған жеке адамдар арасындағы кикілжіңдер тән емес, өзіңді олардан аулақ ұстайсың және саған менеджмент саласындағы мамандықтар сәйкес келмейді. Сенен үздік психолог шығуы мүмкін.
- **Үшбұрыш.** Саған басқарушылық қасиет тән. Өз көздеген мақсатыңа қол жеткізуге барлық мүмкіншілігіңді жасайсың. Өзіңе сенімдісің және жеңіске, жетістіктерге, ұтыстарға оңай қол жеткізесің. Айтқаныңнан қайтпайсың, абыройлысың. Сен қоғамда, өмірде жоғары жетістіктерге қол жеткізесің, жұмысында жоғарыға көтерілуге бейімділігің бар. Саған менеджмент саласын меңгеруге ұсынылады.

Өз болашағыңды анықтауда мынадай ережелерді ұстан:

- Алдағы өмірлік жоспарың қандай болмасын, шетел тілін үйреніп, компьютерде жұмыс істеуді игергенің аса пайдалы. Бұлардың кез келген мамандықта қажеті болары сөзсіз!
- Мектептегі оқу пәндері – нақты мамандық емес екендігін есінде сақта. Пәнге деген қызығушылық оған байланысты жұмыстың саған сөзсіз ұнайтынын білдіре бермейді.
- Мамандық таңдауда оның сырт келбетіне, көңілге қонымды жақтарына ғана назар аударудың қажеті жоқ, мүмкіндігінше қалаған мамандығыңның жұмыс мазмұны жөнінде көбірек білуге тырыс.
- Егер мамандық сенің досыңа ұнаса, саған да ұнайды деген қорытынды жасауға болмайды.
- Саған қолыңнан келетін істі мамандық етіп таңдаған пайдалырақ болмақ. Өйтсе де бұл сөз қарапайым естілгенімен, көбінесе назардан тыс қалып жатады.
- «Жақсы адам» - бұл мамандық емес. Егер саған адам ұнаса, оның меңгерген мамандығын мен де таңдауым керек деп жансақ қорытынды жасауға болмайды.
- Сән қуып, мамандық таңдаудың қажеті жоқ. Сен оқуыңды тәмамдап, жұмыс істегенше, ол мамандық сәннен шығып қалуы да мүмкін.
- Мүмкіндігінше өзің таңдаған мамандықтың өзіңнің денсаулық жағдайыңа тура келетін-келмейтіндігі жөнінде дәрігерден кеңес алғаның жөн.
- Мамандық таңдауға байланысты сені, сенің қалаған мамандығыңды толық білмейтін адамдардың ақыл-кеңесіне құлақ салудың қажеті шамалы.
- Заманауи ағымға қарай кейбір мамандықтар тез ескіріп, оның орнын жаңа мамандықтар басып жатыр. Сондықтан кез келген жағдайда қосалқы таңдаған мамандығың болуы қажет.
- Өзің таңдаған мамандығыңның мазмұны, қызықты қырлары, жұмыс тәртібі мен жағдайы, кәсіби өсу мүмкіндігі туралы сұраққа жауап бере алғанда ғана сенің мамандық таңдаудағы ой-ниетің салмақтана түспек.

Еңбек етсем, ертеңгі бақытыма сенемін.
Мақсатыма жеткізер уақытыма сенемін.
Достық іспен қасты да жеңеріме сенемін,
Ақыл, сана білім мен өнеріме сенемін.
Арым таза, ақ көңіл, адалдыққа сенемін.
Абыройлы, ақ ниет, адамдыққа сенемін!

